

Қазақ мемлекеттік экономика университетін Қазақ мемлекеттік басқару академиясы етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 25 ақпандағы N 1120. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасында қалыптастырылып жатқан нарықтық экономиканы кадрлармен қамтамасыз етудің аса қажеттілігі мен маңыздылығын ескеріп және халықаралық талаптарға сай келетін маман экономистер мен басқару қызметкерлерін толымды ауқымда даярлау мен қайта даярлауды жеделдету, сондай-ақ тиісінше ұйымдық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

м а к с а т ы н д а қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақ мемлекеттік экономика университеті Қазақ мемлекеттік басқару академиясы болып қайта құрылсын.

Академияға әлемдік практикада қабылданған мамандықтар номенклатурасы бойынша экономистер, басқару кадрларын және оқытушылар даярлау, оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын өзірлеу, жаңа оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет дайындау мен басып шығаруға басшылық ету жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

жыл сайын Академияға халықаралық байланыстарды қаржыландыру үшін валюта қаражаты және оқу-өндірістік және басқа объектілерді салуға құрделі қаржы бөлінуін көздейтін болсын;

Академияны (оқытушылар мен қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді қоса) жеке норматив бойынша ұстауға республикалық бюджеттен қаржы бөлуді

к ө з д е с і н ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Ұлттық мемлекеттік банкісімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің Алматы және Қарағанды есеп-кредит техникумдарын, Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің есеп, статистика және жұмыспен қамту кадрларын қайта даярлау мен біліктілігін көтеру жөніндегі салааралық институттарын белгіленген тәртіппен Академияның қарауына беру

туралы мәселені қарастырысын;

Академияның құрамында ғылыми-зерттеу мекемелерін құрып, олардың оқу-өндірістік және ғылыми базасын нығайту мен дамыту жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК